

**«Құрмансай жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің №3 жоспардан
тыс педагогикалық кеңестің хаттамасы**

4 қазан 2022 жыл

Қатысты: 22

Тақырыбы: «Құрмансай жалпы орта білім беретін мектебінің өзін-өзі бағалаудың қорытындысын шығару»

Мақсаты: білім беру қызметтерінің сапасын артыру бойынша білім беру ұйымының қызметінің тиімділігіне объективті талдау және өзін – өзі бағалау жүргізу.

Күн тәртібі:

1. Құрмансай ЖОББМ 2021-2022 оқу жылында өзін-өзі бағалауды қорытындылау.
2. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау жөніндегі комиссия мүшелерінің есебі.
3. Педагогикалық кеңестің шешімін қорытындылау, талқылау.

Бірінші сұрақ бойынша мектеп директоры Сейтказин А.К сөз сөйледі. Ол педагогикалық ұжымды 2021-2022 оқу жылында қызметтің барлық бағыттары бойынша мектептің өзін-өзі бағалау қорытындыларымен таныстырды. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау бойынша барлық материалдары мектеп сайтында орналастырылатын болады.

Шешімі:

1. 2021 - 2022 оқу жылы бойынша мектептің өзін-өзі бағалау (қызметтің барлық бағыттары бойынша) материалдары мектеп сайтында орналастырылсын.

Екінші сұрақ бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Аяпбергенова А.А сөз сөйледі: Ол кадрлық құрамға талдау жасады, таладау мектеп ұйымының штаттық кестеге сәйкес педагогикалық кадрлармен толық қамтылғанын, педагогтар мен мамандардың штаттық бірліктері көзделгенін көрсетті. Ағымдағы жылы педагог кадрлардың арасында жоғары педагогикалық білімі бар – 68%, орта-арнайы білімі бар – 32% , оның ішінде мектепке дейінгі білімі бар – 13% .


Педагогтардың аттестациясы: Педагог-зерттеуші - 1, педагог-сарапшы - 8, педагог-модератор - 4, 2-категориямен – 2, санатсыз – 8. педагог-модератор (20%). Барлық педагогтар курстық даярлығын арттыру мақсатында курстық даярлықтан әр бес жыл сайын уақтылы өтеді.

Үшінші сұрақ бойынша мектеп директоры А.К.Сейтказин сөз сөйледі. Ол қорытынды жасап, педагогикалық кеңестің шешім жобасын талқылауға шығарды.

Шешімі:

1. Мектепке қажетті оқу-педагогикалық әлеуеті бар, білім беру саласындағы нормативтік құжаттарға сәйкес оқу-тәрбие процесін жүзеге асыру үшін жеткілікті оқу-материалдық базасы бар, оқу-тәрбие процесін жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау.
2. Барлық білім беру бағыттары бойынша бағдарламалық материалдың нормаларын орындау.
3. Мектептің оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес орындау.
4. Мектеп ұйымның өзін-өзі бағалауы бойынша барлық материалдарды мектеп сайтына жариялау

Торағасы:
Мектеп директоры



А.К.Сейтказин

Хатшы:

A handwritten signature in blue ink, likely belonging to the school secretary.

А.К.Жумабаева